

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ  
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т  
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі  
20 \_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента  
«\_\_» \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

2022 жылғы 11 мамырда  
жарияланды

Қазақстан Республикасының  
Экология, геология  
және табиғи ресурстар министрі  
С.А. Бірекешевке

### Депутаттық сауал

#### Құрметті Серікқали Аманғалиұлы!

Бір тақырыпқа араға бір жарым жылдай ғана уақыт салып, қайтадан депутаттық сауал жолдау артық көрінуі де мүмкін. Алайда, солай етуге тура келіп тұр.

2021 жылғы 20 қаңтарда Сіздің алдыңызда осы министрлікті басқарған Мағзұм Мырзағалиевтің атына жолдаған сауалымызда геологияда минерал-шикізат базасының толықтырылуы оның өндірісінің көлемінен асып отыруға тиіс екендігін еске сала келіп, елімізде осы қағидаттың сақталмай тұрғанына алаңдаушылық білдірген едік. Ол сауалда біз өзіміз өңірлерді аралау кезінде шет жағалап зерттеп көрген бір ғана облыстың – Шығыс Қазақстан облысының кен қорларының сарқылуға бағыт алғанына, нақты айтқанда – шамамен 2035-2040 жылдарға қарай түгесілуі мүмкін екендігіне назар аударғанбыз. Бұрынғы министрдің біздің депутаттық сауалымызға қайтарған жауабында: «Геологиялық барлау саласын дамыту бойынша Ұлттық жоба әзірленуде, осы жобаның шеңберінде кенді және кенсіз аймақтардың әлеуетін ашуға мүмкіндік беретін жаңа ғылыми негізделген жұмыстар жоспарланатын болады» деп айтылған еді. Өкінішке қарай, біздің депутаттық сауалымыздағы геологиялық барлау жұмыстарына Үкімет тарапынан жаңаша көзқарас қалыптастырылмағаны, болашақта отандық металлургияны сырттан әкелінетін шикізатқа тәуелді етіп қою қатері бар екендігі жөніндегі қауіміз расқа шығып отыр.

Геологиялық барлау жұмыстарына қаржы бөлуде ілгерілеу байқалмайды. Ұлттық жобаның нақты әсері сезілмейді.

Сіз жақында Үкімет отырысында: «Өндірістің қазіргі деңгейі сақталған жағдайда, тиісінше кен көлемінің орны толтырылып тұрмаса, қазылып жатқан көптеген кен орындарының қоры таяу болашақта таусылады» деп ашық айттыңыз. Геологиялық ақпаратты құпиясыздандыру талабына сәйкес, қай кен орындарының қоры қай жылдарға қарай түгесілетінін де түйіп қалмадыңыз. Бұлайша дабыл қағуыңызды біз толық қолдаймыз. Қара және түсті металлургия бойынша, міне, алпыс шақты жылдан бері Қаныш Сәтбаевтың өзі ашып кеткен немесе өзі жасап берген металлогениялық картасында белгілеп кеткен кен орындарын игерумен ғана келе жатқанымызды жасырып-жабудың жөні жоқ.

Әңгіменің ашығына көшсек, Қазақстанда геологиялық барлау саласы тоқырап тұр деуге де келетін сияқты. Мысалы, біз сөз етіп отырған кенді Алтайда – Шығыс Қазақстан облысында соңғы ширек ғасырдың ішінде ескі кен орындарына балама болатындай, соларды алмастыратындай бірде-бір ірі кен орны ашылмаған. Бұл басқа облыстарға да қатысты жағдай.

Мәселенің мәнісі өте қарапайым. Салаға тиісті қаржы бөлінбейді. Қазақстандағы әр шаршы километрге шаққанда геологиялық барлауға бөлінетін мемлекеттік инвестиция көлемі ешқандай сын көтермейді – небәрі 11 доллар. Мысалы, Австралияда бұл көрсеткіш 167 доллар, Канадада 203 доллар екен. Екеуі де жер көлемі шағын елдер емес. Айырма жер мен көктей.

**Құрметті Серікқали Аманғалиұлы!**

Депутаттық сауалымызға байланысты геологиялық барлау саласын дамыту бойынша Ұлттық жобаның аясында салаға қажетті қаражатты негіздеп, ел болашағы үшін стратегиялық мәні бар аса маңызды мәселеге мемлекеттік көзқарасты жаңаша қалыптастыруға ықпал етуіңізді, министрліктің осы міндетті шешу жөніндегі жоспары туралы толыққанды мәлімет беруіңізді сұраймыз.

**Құрметпен,  
Парламент Мәжілісіне Қазақстан халқы  
Ассамблеясынан сайланған депутаттар**

**С. Абдрахманов  
А. Амирханян  
И. Буларов  
Н. Дементьева  
З. Кузиев  
Ю. Ли  
В. Набиев  
Ш. Осин  
А. Хамедов**

А.Әбенова 74-62-52



010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі  
20 \_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента  
«\_\_» \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

Оглашен 11 мая 2022 года

**Министру экологии, геологии и  
природных ресурсов  
Республики Казахстан  
С.А. Брекешеву**

### **Депутатский запрос**

**Уважаемый Сериккали Амангалиевич!**

Наверное, покажется излишним адресовать депутатский запрос вновь по той же теме по прошествии полутора лет. Тем не менее, приходится это сделать.

20 января 2021 года в запросе, адресованном на имя Вашего предшественника, руководившего данным министерством, Магзума Мирзагалиева, мы, напоминая о том, что восполнение минерально-сырьевой базы геологии должно превышать объемы производства, выражали обеспокоенность тем, что в в стране данный принцип не соблюдается.

Во время посещения регионов, изучив ситуацию в одном из них – Восточно-Казахстанской области, и соответственно, подготовив запрос, мы обращали внимание на то, что намечается тенденция истощения полезных ископаемых, в частности, о возможном их исчерпании к 2035-2040 годам.

В ответе бывшего министра на этот запрос говорилось, что разрабатывается Национальный проект по развитию геологоразведочной отрасли, в рамках этого проекта будут поставлены новые научно-обоснованные работы, которые позволят раскрыть потенциал рудных и нерудных зон.

К сожалению, наши опасения, отмеченные в депутатском запросе по поводу того, что в геологоразведочных работах со стороны Правительства не сформированы новые подходы и существует риск отечественной металлургии оказаться в зависимости от импортного сырья, оказались не беспочвенны.

Так, на сегодняшний день не наблюдается ощутимых подвижек в вопросе выделения финансовых средств на геологоразведочные работы. Не прослеживаются и видимые результаты Национального проекта.

Недавно на заседании Правительства Вы открыто заявили: «При нынешнем уровне добычи, без соответствующего восполнения, запасы многих разрабатываемых месторождений будут истощены уже в ближайшей перспективе». Согласно требованиям по рассекречиванию геологической информации не стали скрывать, какие рудники к какому периоду времени будут исчерпаны. Мы полностью разделяем эту тревогу.

Не секрет, что по черной и цветной металлургии нами осваиваются лишь те рудники, которые открыл или отметил в металлогенической карте около шести десятков лет назад академик Каныш Сатпаев.

Нужно сказать откровенно: геологоразведочная отрасль Казахстана находится в состоянии застоя. К примеру, в рудном Алтае – Восточно-Казахстанской области за последнюю четверть века не открыто ни одного крупного месторождения, которое могло бы замещать старые месторождения. Ситуация касается и других областей.

Суть вопроса проста. Нет соответствующих финансовых вливаний в отрасль. Объем государственных инвестиций в Казахстане, выделяемых на геологоразведочные работы в расчете на квадратный километр, не выдерживает никакой критики – всего лишь 11 долларов. Например, в Австралии данный показатель составляет 167 долларов, в Канаде – 203 доллара. А эти страны по масштабу земли совсем не маленькие. Разница – как небо и земля.

Уважаемый Сериккали Амангалиевич!

В связи с депутатским запросом просим Вас согласно Национальному плану развития геологоразведочной отрасли обосновать необходимые средства на указанную отрасль, содействовать формированию нового государственного подхода по важнейшему для будущего страны стратегическому вопросу, представить полную информацию о планах Министерства по решению этих задач.

**С уважением,  
депутаты Мажилиса Парламента  
от Ассамблеи народа Казахстана**

**С. Абдрахманов  
А. Амирханян  
И. Буларов  
Н. Дементьева  
З. Кузиев  
Ю. Ли  
В. Набиев  
Ш. Осин  
А. Хамедов**